

## Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Бобровка өзенінің оң жағалаудағы участкесінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 367 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 21 желтоқсанда № 5709 болып тіркелді

### Р Қ А О - н ы ң                    е с к е р т п е с і .

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қанчардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

#### 1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Бобровка өзенінің оң жағалауындағы участкесінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Бобровка өзенінің оң жағалауындағы участкесінің су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Глубокое ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілдті мемлекеттік органдарға тапсырысын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он құн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроенеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысының*

*әкімі*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Қазақстан Республикасы*

*Ауыл шаруашылығы министрлігі*

*Су ресурстары комитетінің*

*Су ресурстарын пайдалануды реттеу*

*және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік*

*инспекциясының басшысы*

*Д. Ахметов*

*K. Баймагамбетов*

*2018 жылғы "30" қараша*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Қазақстан Республикасы*

*Денсаулық сақтау министрлігі*

*Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің*

*Шығыс Қазақстан облысы*

*Қоғамдық денсаулық сақтау*

*департаментінің басшысы*

*F. Сүлейменов*

*2018 жылғы "30" қараша*

*Шығыс Қазақстан*

*облысы әкімдігінің*

*2018 жылғы*

*"13" желтоқсандағы*

*№ 367 қаулысына қосымша*

**Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Бобровка өзенінің оң  
жағалауындағы участкесінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі**

Су объектісі, оның участкесі	Су корғау аймағы			Су корғау белдеуі		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7
Бастаудан төмен қарай ағыспен 9,2 және 11,78 км тұстамада Бобровка өзенінің оң жағалаудағы участкесі, сағадан 1,9 км дейін жоғары қарай ағыспен тұстамада атауы жоқ бұлак, сағадан 0,21 км дейін жоғары қарай ағыспен тұстамада бұлактың атауы жоқ сол саласы	1,08	133,85	500	5,19	30,51	35-55

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК